Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата – ананың орны бөлек. Қоғамның алғашқы ұйтқысы отбасында бала үлкендермен араласады. Баланың қоғамдық әлеуметтік дамуы жанұяда өз орнын алуынан басталады. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай, жақсыға да жаманға да бірдей бейімделгіш. «Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, - деп жазады А.С.Макаренко – Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым – қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет – журнал оқисыздар – осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар ».

Қазақта «Баланың бас ұстазы – ата – анасы» деген сөз бар. Ата – аналар балаларының оқу үлгеріміне күнделікті назар аударып, қадағалап отыруы керек. Өкінішке орай, кейбір ата – аналар бұған жеткілікті мән бермейді. Тіпті, кейде баласының қай сыныпта оқитынын, сабақтарын, жетекшісін де білмей жататын үлкендер бар. Тәрбие ешқандай үзіліс, демалыс дегенді білмейді. Жан Жак Руссо: «Бала туғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де сол сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді», - деген екен. Бұдан шығатын түйін бала тәрбиесіне ең әуелі ата – анасының еңбекқорлығы, ұстамдылығы, ақыл – ойы, сана – сезімі, адамгершілігі әсер етпек.

«Баланың жақсысы әке мен шешенің ары, ата – ананың абыройы, жаманы – қайғысы, бақытсыздығы, азабы», - дейді халқымыз. Бала үшін алғашқы тәрбиеші, педагог ата – анасы. Бала мектепте 6 – 7 сағат болса, 18 сағат үйде болады, сол себепті ата – ана баласының оқуын, жүріс – тұрысын, жолдастарын, сонымен қатар киетін киімінде қадағалап, аптаның соңғы күндерінде сынып жетекшісімен, пән мұғалімдерімен, мектеп басшыларымен байланыс жасап, сабақ үлгерімі, тәртібі жайлы мәлімет алып отыру қажет.

Кейбір ата-аналар балаларына өте қымбат заттар алып беріп жатады. Ондай балалар өсе келе көрсеқызар, дүниеқұмар,өзімшіл,кекшіл болатынын өмір көрсетіп келеді.

Ата – ана өзінің міндеті мен жауапкершілігін жақсы білуі тиіс.

1. Мәдениетті адам тәрбиелеуге және өз баласын таза өмір сүруге бейімдеуге міндетті;
2. Білім алуына көмектесуге міндетті;
3. Жүйелі білім алуына жағдай жасауға міндетті;

4. Үнемі ата – аналар жиналысына қатысуға, мұғаліммен кездесуге, баласының мектептегі өмірімен танысуға міндетті;
5. Баланың өміріне, денсаулығына зиян келетін темекі, арақ, т.б. улы заттарды қолданбауға, олардың балаға зиянды екенін түсіндіруге міндетті;
6. «Баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше білім беріп қина, он төрттен кейін үлкен азамат деп сыйла» деген қағиданы берік сақтауға міндетті.

Ата –ананың жауапкершілігі:

1. Балаға арамза әрекет жасағаны үшін жауапты;
2. Мұғалімге, мектептің педагогиклық ұжымына балағаттау және әдепсіз қарым – қатынас жасағаны үшін жауапты;
3. Бала тәрбиесі үшін қабылданған барлық қаулылардың орындалмағанына жауапты;
4. Баланың адамгершілік тәрбие алу үшін, өз жанұясында бірлік пен татулықты ұстануға жауапты;
5. Мектептен кейінгі баланың білім мен тәрбие алуына бақылау жасауына жауапты;
6. Кәмелеттік жасқа жеткенге дейінге баланың салауатты өмір салтына сай тәрбие алуына жауапты.

Қорытынды: Бүгінгі оқушы ертеңгі мемлекетіміздің үлкен азаматы, кәсіп иесі. Сондықтанда бала тәрбиесіне асқан жауапкершілікпен қарап, жас ұрпақты назардан тыс қалдырмаған жөн.



Мектеп психологтары

Канатбаева А.К.

Сырымова Н.Н.

**В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебіндегі «Ерте жүктіліктің алдын алу»
бойынша жүргізілген жұмыс хаттамасы**

Күні: 28.09.2023

Сыныбы: 7-9 сынып (қыз балалар)

Қатысқандар саны: 42 саны

Әдісі: анонимді сауалнама

Тақырыбы: «Ерте жүктіліктің алдын алу»

Мақсаты: оқушылардың «Ерте жүктілік» туралы түсініктерін анықтау

Күн тәртібінде

1. Ерте жүктіліктің алдын-алу мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізу және кеңес беру.
2. Анонимді сауалнама жүргізу.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психологы сөз алды

Ерте жүктілік деген не?

Ертежүктілік деп 13-19 жаста болатын жүктілікті айтады. Осы уақытта қыз балаларда өтпелі жас кезеңі басталып, гормондық қайта құрылу жүреді. Медицинада 18 жасқа дейін болған жүктілік ерте жүктілік деп саналады.

Ерте жүктілік немен қауіпті? Жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді – жүрек-қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме артылады. Бұның қиындығы

жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, токсикоздар болады. Қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес!

Ерте жүктіліктен қалай сақтануға болады?

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді. Яғни ана мен қыз баланың өзара қатынасы бұзылса, қыз бала «әдейі» бәрін кері істейді.

Ерте жүктіліктің қандай профилактикасы бар?

Проблемамен күресудің ең үздік тәсілі – проблемадан сақтану. Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, ол сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы керек.

Ерте жүктіліктің нәтижесі.

Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қыз бала білім алу, жұмысқа орналасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Қатынасқа түсе білгенмен, жас жігіт әке атанып, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы) жасанатығырыққа тіреледі: білімі жоқ, жұмысы жоқ, баланы күтіп-бағуға ақшасы болмайды. Осының бәрі жалғыз бір жасанаға ауыр болатындықтан, көп жағдайда аналар баласын балалар үйіне өткізіп жатады. Ал бұл өкінішке орай, ерте жүктілік салдарынан болатын, жиі кездесетін оқиға.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе. Мектеп психологы 7-9 сынып қыз балаларынан «Ерте жүктіліктің алдын алу» сауалнама алынды. Сауалнама қорытындысы.

1. Жасын нешеде?

- А) 14 ж- 31
- Б) 15 ж- 29
- В) 16 ж – 38

2. Жыныстық қатынас дегенді қалай түсінесің?

- А) айналасы 9
- Б) күту, қадірлеу 14
- В) Басқа 28
- Г) Білмеймін 47

3. Жыныстық қарым-қатынас туралы хабарын барма және қайдан білесің?

- А) Ия 16
- Б) Жоқ 21
- В) таныстардан 19
- Г) білмеймін 51

4. Қалай ойлайсың неше жаста жыныстық қарым-қатнасты бастауға болады?

білмеймін және тұрмысқа шыққаннан кейін деп жауап берді

5. Кіммен бірге тұрасың?

- А) ата-анаммен - 84
- Б) Тек анаммен - 11
- В) Тек әкеммен - 0
- Г) Туыстарыммен – 3

6. Отбасыңыздағы қарым-қатынас қандай жағдайда?

- А) жақсы - 55
- Б) Жағымды 34
- В) Қанағаттанарлық 9
- Г) жағымсыз - 0

7. Қалай ойлайсың ерте жыныстық қарым-қатынасқа қазіргі жастар неліктен ерте барады?

- А) қызығушылықтан 28
- Б) не істерін білмегендіктен 3
- В) абайсыздықтан 39
- Г) еліктеу 8

8. Сіз өзіңіз жыныстық қарым-қатынасқа түстіңізбе?

- А) Жоқ -98
- Б) ия - 0
- В) ойымда бар - 0

9. Жыныстық қарым-қатынасқа түсу үшін қандай себеп болу керек?

- А) өзара сүйіспеншілік 11
- Б) некеге тұрамын деген оймен 44
- В) Өзін ересек сезіну - 0
- Г) уақытқа сай жүру - 0

Қаулы:

Жоғарыда айтылған күн тәртібіндегі мәселелер тыңдалды.

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ерте жүктіліктің алдын алу жұмыстары жандандырылсын.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сауалнама нәтижесі есепке алынсын.

Мектеп психологтары: Сырымova Н.Н.

Канатбаева А.К.

**В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінде ерте жүктіліктің
алдын-алу мақсаты бойынша жүргізілген жұмыстарына**

М ә л і м е т

Мектепте ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында мектеп медбикесі Г.Б. Машанованың, мектеп психологтары А.А.Канатбаеваның, Н.Н.Сырымованың ұйымдастыруымен іс- шаралар өткізілді.

Ерте жүктіліктің зияны тақырыбында мектеп медбикесі Г.Б. Машанова қыз балалардың қатысумен дәріс оқыды.

Қыз балалардың жеке гигиенасы туралы, жыныс мүшелерінің жетіліп өсуі, алғашқы етеккір келген кездегі қолданылатын іс әрекеттер туралы оқушыларға мәлімет берілді.

Қыздардың ерте жүктілігі немен қауіпті сұрағына жүктілік кезінде ағза күшейген тәртіпте жұмыс істейді-жүрек-қан тамырлары ,эндокриндік жүйе және ішкі құрлысқа үлкен жүктеме артылатыны айтылды. Бұның қиындығы жасөспірімнің гармондық қайта құрылу, жүктілік қайта құрылуға жүктелгені, қыз балалардың ағзасы осындай жүктемелерге әзір емес екендігі айтылды.

Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Көптеген отбасыларда бұл тақырыпқа әңгіме қозғалмай, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Негізінен, жоспарланбаған жүктіліктің 90% отбасындағы тәрбиеге және қарым-қатынасқа байланысты келеді.

Жоспарланбаған жүктіліктен сақтанудың тәсілдері туралы ата-анамен жиі әңгімелесу керек. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдары және болашақта бедеулікке әкелуі толық айтылады. Осындай өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Жасөспірім анадан туылған балдар анасының ағзасы толық өсіп жетілмегендіктен түрлі ақаулармен немесе өлі туылатыны туралы айтылды.

Қыздарға ерте жүктіліктің алдын алу, одан сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпарат берілді.

**Медбике
Мектеп психологтары**

**Машанова Г Б
Сырымова Н Н
Канатбаева А А**



В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі бойынша 2023-2024 оқу жылына

Келеңсіз оқиғалардың алдын алу және болдырмау мақсатында өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі бойынша келеңсіз оқиғалардың алдын алу және болдырмау мақсатында жоспар құрылып, жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді. Оқу жылының басынан балалар құқықтарын қорғауға арналған мектепшілік «Сенім жәшігі», «Сенім телефондарымен» таныстырылып, әлеуметтік желіде жарияланды.

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі бойынша қолайсыз отбасындағы, өгей ата-анамен тәрбиеленетін оқушыларға, ата-аналарға психологиялық кеңес берілді. 7-11 класс оқушылары аралығында «Құқықбұзушылықтың алдын-алу» тақырыбында сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесінде ештеңе анықталмады. Оқушылар арасында «Бақыт» тақырыбында тренинг өткізілді. Ата-аналар арасында «Отбасы жылулығы» тақырыбында тренинг өткізілді.



Мектеп психологтары:

Сырымова Н.Н.
Канатбаева А.К.

7-9 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген сауалнама

**7-9 сынып оқушыларымен құқық бұзушылықтың алдын алу
мақсатында жүргізілген сауалнаманың анықтамасы**

Қатысқандар:

7 сынып – 76 оқушы

8 сынып – 50 оқушы

9 сынып – 57 оқушы

Жауапты: мектеп психологы: Н.Н.Сырымова, А.А.Канатбаева

Әдісі: анонимді сауалнама

Зерттеу мақсаты: балалар мен жасөспірімдердің өз құқықтары туралы, балалар құқықтары туралы Конвенцияның негізгі ережелері туралы сауаттылық деңгейін мониторингілеу

Барысы: оқушыларға анонимді сауалнама бланктері таратылып, сұрақтарды мұқият оқып, дұрыс жауаптарды белгілеуді және өз жауабын жаза алатындығы ұсынылды.

Нәтижесінде жалпы анонимді сауалнамаға **183 оқушы** қатысты

Қорытынды: 7-9 сынып бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу сауалнамасына 183 оқушы қатысты. Сауалнама негізінде оқушылардың өз құқықтарын білетіндігі, әрбаланың қай елде болмасын құқықтары тең екендігі, балалар өз құқықтары туралы Бала құқығы туралы Конвенцияны білуі міндетті екендігі туралы сауалнама барысында жауаптар алынды.

**В.И.Пацаев атындағы № 2 Алға орта мектебінде «Кибербуллинг және буллинг»
тақырыбы бойынша жүргізілген жұмыстарының мәліметі.**

В.И.Пацаев атындағы № 2 Алға орта мектебі бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Кибербуллинг бойынша слайд арқылы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кибербуллинг дегеніміз? Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Кибербуллинг жасайтындардың арасында педофилдер көп кездеседі. Олар балаларды алдап-арбап, желіге жалаңаш түскен видео не суреттерін салуға көндіреді. Кейін сол суреттерді жұртқа жария етемін деп қоқан-лоққы жасау арқылы кездесуге шақырады не ақша бопсалайды. Ал қысымға шыдамай, шарасыз күйге түскендері көп жағдайда өзіне қол салады. Сарапшылардың сөзінше, кибербуллинг қазір бүкіл әлемдегі өте өзекті проблемаға айналған. Өкініштісі, Қазақстанда да кибербуллингке ұшыраған балалар аз емес. Кибербуллингке тап болғанда: Әлеуметтік желіде қысым көрсеткен адамның хабарламасына жауап бермеу, онымен сөйлесуді тоқтатып, бұғаттау, әлеуметтік желі әкімшісіне сен туралы жарияланған жазба не суреттерге шағымдану, күдікті жазбаларды скриншот жасап, ата-ана не ұстаздарға хабар беру керек деген кеңестер айтылды. Буллинг деген не және оның қандай түрлері бар? Bullying сөзі ағылшын тілінен аударғанда "қорқыту", "кемсіту", "мұқату" дегенді білдіреді. Буллинг - агрессия немесе күш көрсету арқылы адамның өзгені қорлауы, үстем екенін көрсетуі. Буллинг жасаушы мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды әрі бұл әрекетін жиі қайталауы мүмкін. Егерде сізде бұндай жағдай орын алса немесе досыңызға қысымдық көрсетілсе үнсіз қалмаймыз, әрқашан адамның құқығы қорғалатынын біліп жүріңдер. Ешкім біреуді кемсітіп, мұқатуға, ұрып-соғуға құқығы жоқ.

Қорытынды: Оқушылар тарапынан кибербуллинг құрбанына айналмау үшін әлеуметтік желіде таныс емес акаунттарға жазылмау, ата-анамен тығыз қарым-қатынаста болу керек деген пікірлерін айтып кері байланыс алынды. Әркезде адам баласының құқығын ешкім қорлауға құқығы жоқ.



Мектеп психологтары:

Канатбаева А.К.
Сырымова Н.Н.

В.И.Пацаев атындағы № 2 Алғаорта мектебі КММ-і бойынша 5-7 сыныптар арасында жүргізілген құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша жұмыстың мәліметі.

5-7 сыныптар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. **Мақсаты:** Зорлық – зомбылықтың алдын алу, оқушылар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру , барлық адамдарға құрметпен қарау көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Жан-жақты қалыптасып дамыған, қоғамдық белсенділігі артқан, әлеуметтік-толық қамтылған адамгершілігі мол тұлғаның қалыптасуы.

Міндеттері: 1. Жасөспірімнің өмір ағымында кездесетін қолайсыз жағдайлардың алдын алу және болдырмау. 2. Жасөспірімнің қиын өмір жағдайларындағы құқығын қорғау және сақтау. Оқушылар арасында қазіргі күнде тұрақты проблемалардың бірі зорлық зомбылық мәселесі жөнінде қоғамда зорлық – зомбылыққа жол жоқ. Зорлық- зомбылық құқықта – бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәні және психикалық ықпал жасауы. Мысалы тән азабын шектірген зорлыққа – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып соғу, денесіне зақым келтіру. Жан азабын шектіретін зорлық – жәбірленушінің қарсылық көрсетуіне, өз құқықтары мен мүдделерін қорғауына деген ерік-жігері сонымен қатар 1. Жеке адамның құқығы дегеніміз не? 2. Құқықтың қандай түрлерін білесіңдер? 3. Адам құқығы қай уақыттан пайда болады? 4. Оларды орындау үшін не қажет? 5. Адамның негізгі құқығы? 6. Бізге құқықпен бірге бостандық беріледі. Бостандық – деген не? 7. Бостандықты не шектейді? Деген сұрақтар қойылып, оқушылардан кері байланыс алынды. **Қорытынды:** Құқықтық тәрбие дегеніміз – бұл- құқықтық білім беру – адамның құқықтық санасын қалыптастыру мақсатында орындалатын құқықтық тәрбиенің негізгі ықпал етуші әдісі. Нақты айтсақ, құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты ұғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Балалар тарапынан бостандықты сотталу кезінде сезінеді, адам өмір сүруге, ақысыз мектепте білім алуға, тыныш өмір сүруге құқылы деген жауаптар алынды. Оқушылар өздеріне керекті ақпаратпен таныс болды.

Мектеп психологтары:

Канатбаева А.К.

Сырымова Н.Н.

Алгинская средняя школа №2 им.В.И.Пацаева
ТЕМА: «АЗАРТНЫЕ ИГРЫ. ЛУДОМАНИЯ»

Цель: показать пагубное влияние азартных игр

Присутствующие: 7-9 классы

Задачи:


- повысить уровень знаний по проблеме зависимости от азартных игр;
- познакомить с понятием «лудомания»;
- воспитывать психически здорового, личностно развитого человека

Лудомания - патологическая склонность к азартным играм; заключается в частых эпизодах участия в азартных играх, доминирующих в жизни человека и оказывающих разрушающее воздействие на все сферы жизни и личности человека, его физическое, психическое, эмоциональное и социальное здоровье

СИМПТОМЫ ЛУДОМАНИИ:

ПОТЕРЯ КОНТРОЛЯ И НЕСПОСОБНОСТЬ ПРОГНОЗИРОВАТЬ ПОСЛЕДСТВИЯ;
НАРУШЕНИЯ ВНИМАНИЯ, СНА, КООРДИНАЦИИ ДВИЖЕНИЯ, ПРОВАЛЫ В ПАМЯТИ;

СОСРЕДОТОЧЕННОСТЬ МЫСЛЕЙ И ПОСТУПКОВ ВОКРУГ ИГРЫ;
ЧУВСТВО ВИНЫ, УГРЫЗЕНИЯ СОВЕСТИ;
ДИПРЕССИЯ



Психологи школы: Канатбаева А.К.

Сырымова Н.Н.

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі

Педагогикалық кеңес

№__ отырыс

хаттамадан үзінді

Алға қаласы

_____жыл

Барлығы: 77 педагог

Қатысқандар: 77 педагог

Қатыспағаны: -

Күн тәртібі: 1, 5-ші сынып оқушыларының мектепке бейімделуі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп психологы А.Канатбаева сөз сөйледі.

Бейімделу-бұл өмірдің жаңа жағдайларына үйрену. Дамудың ең маңызды әлеуметтік жағдайы 1-ші және 5-ші сынып оқушылары үшін өзгереді.

Мектептегі психологиялық қызметтің міндеттерінің бірі-баланың психологиялық саулығын, яғни жан дүниелік, физиологиялық дамуына ықпал ету және ортада қолайлы микроклимат қалыптастыру. Бастауыш сыныпқа өткенде, орта буын сыныбындағы дағдыға бейімделу кезінде балада дағдарыс сипаттары болады. Бастауыш пен орта буын оқуындағы өзіндік қиындықтар шәкірт психикасының өзгеруіне, эмоциональдық сферасын игеруіндегі қиналыстарға әкеліп, оқу-үлгерімінің, психикалық саулығының төмендеуіне әсер етеді. Бастауыш сыныпта бір ғана мұғалім сабақ өткізетін болса, орта буында бірнеше мұғалім сабақ өткізеді, оқушылар мұғалімдердің өзіне тән психологиясын үйрене алмайды. Бастауыш сыныпта оқушылар мұғалімдердің өзіндік ерекшеліктеріне сын көзбен қарамаса, мұғалім оқушы үшін бедел иесі болса, жеткіншектің кезеңде балалар мұғалімдерінің өзіндік ерекшеліктеріне сын көзбен қарай бастайды. Төменгі сынып оқушылары үшін сабақ мазмұны қызықты болса, орта буында пәндердің көбеюі, олардың мазмұны жеткіншектер үшін қиыншылықтар тудырады.

1 сынып арасында Керн-Йерасик әдістемесі өткізілді. Оның мақсаты оқушылардың ой-өрісін, танымдық сферасын анықтау.

1 сыныпқа қабылданған оқушылар саны:

1 «А» – 21 оқушы

1 «Ә» – 17 оқушы

1 «Б» – 17 оқушы

1 «В» – 13 оқушы

1 «А» сыныбының нәтижесі бойынша

12 оқушы (57%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі өте жақсы, оқуға дайын;

6 оқушы (29%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі орташа, яғни сурет салу техникасы орта деңгейде.

3 оқушы (14%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі нормадан төмен, яғни сурет салу функциясы, жазу әріптерін үлгіге қарап салуы төмен дамыған.

1 «Ә» сынып бойынша

15 оқушы (83%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі өте жақсы, оқуға дайын;

1 оқушы (6%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі орташа, яғни сурет салу техникасы орта деңгейде.

2 оқушы (11%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі нормадан төмен, яғни сурет салу функциясы, жазу әріптерін үлгіге қарап салуы төмен дамыған.

1 «Б» сынып бойынша

16 оқушы (89%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі өте жақсы, оқуға дайын;

2 оқушы (11%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі орташа, яғни сурет салу техникасы орта деңгейде.

1 «В» сынып бойынша

11 оқушы (74%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі өте жақсы, оқуға дайын;

2 оқушы (13%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі орташа, яғни сурет салу техникасы орта деңгейде.

3 оқушы (13%) мектепке психологиялық даярлық деңгейі нормадан төмен, яғни сурет салу функциясы, жазу әріптерін үлгіге қарап салуы төмен дамыған.

5 сынып бойынша «Мектепке мотивация әдістемесі» сауалнамасы алынды.

5 «А» сыныпта – 19% жоғары деңгейде, 37% орташа, 56% норма деңгейде.

5 «Ә» сыныпта - 5% жоғары, 37% орташа, 37% норма 21% төмен деңгейде.

5 «Б» сыныпта - 19% жоғары, 28,50% орташа, 43% норма, 9,50% төмен деңгейде.

5 «В» сыныпта - 30% орташа, 37% норма, 33% төмен деңгейде.

Ұсыныс: класс жетекшілеріне оқушыларды қадағалап, адаптациясын бақылауда ұстауы.

Қаулы:

1. Мектеп психологының баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға
Хатшы

Е.Куспанов
А.Калиев

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі
Директор жанындағы кеңес
№__ отырыс
хаттамадан үзінді

Алға қаласы

_____ жыл

Барлығы: 77 педагог

Қатысқандар: 77 педагог

Қатыспағаны: -

Күн тәртібі: Жасөспірімдердің суицидті және психологиялық ерекшеліктері.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп психологы Н.Сырымова сөз сөйледі.

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері

Мектепке дейінгі жастағы балаларға өлім туралы ойлану тін емесе, алайда бұл тақырып олардың назарынан тыс қалмайды (ертегілер, өмірдегі оқиғалар).

5 жасқа дейінгі балалардың суицидтік мінез-құлығы өте сирек кездесетін жайт.

Төмен сыныптардағы оқушылар арасында, негізінен 9 жастан кейін, суицидтік белсенділік орын алған. Ең төменгі жас шамасына жалпы балалар суицидінің тек 2,5% ғана келеді. Балалардың суицидтік мінез-құлқының ауыр психикалық ауруға немесе реактивтік торығуға сирек байланысты болады. Жағдайлардың басым көпшілігінде ситуацияға қарай жауап әрекеті, көбінесе наразылық әрекеті орын алған. Жағдайлардың 80%-нда олардың себебі болып отбасы ішіндегі шиеленістер табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері

10-12 жаста өлім уақытша құбылыс ретінде бағаланады. Өмір мен өлім ұғымдары ажыратылады, алайда, өлімге деген эмоциялық көзқарасыөз тұлғасынан абстракцияланады. Өз өліміне басқаалардың жауаптв әрекетін көруге ұмтылыс немесе «екінші рет туылуға» деген үміт балалар мен жасөспірімдер арасындағы суициденттерге тән. Өлім туралы ойлар балалық шақ бойы бірнеше кезеңнен өтеді: бала санасында өлім туралы түсініктің мүлдем болмауынан ол туралы өмірден кетудің атрибуттары қосылған (траур, жерлеу және т.б. түсініктер) формалдық білім алуға дейін. Өлім туралы білімді бала не өзінің жеке тұлғасы, не жақындары арасындағы ешкімнің тұлғасымен арақатынасқа қоймайды; өлімнің кері айналмастығы туралы түсінік қалыптаспаған, ол әлі адамынң ұзақ уақыт болмауы немесе басқа түрде тірлік ету ретінде түсініледі. Бала екі жақты болмыс мүмкіндігін мойындайды: айналасындағылар үшін өлді деп есептеліп және өле отырып, сонымен қатар өзінің олардың қапалануына куә болып, өзінің жерленуі мен өзін ренжіткендердің өкінуін бақылау. Қорқыныштың болмауы балалар психологиясының ерекше қасиеті болып табылады. Өмірлік тәжірибесі болмағандықтан және хабардар болмауынан, олар таңдау әдісін қолдана алмайды.

Есепсіздік, өзін-өзі өлтіру тәсілдері туралы білімінің болмауы, ықпал ету нысанынан қарамастан, өлімнің өте жоғары тәуекелін қалыптастырады.

Балалар мен жасөспірімдердің суицидтік мінез-құлқының ерекшеліктері

Жасөспірімдің жас шамасының түрлі кезеңдерінде - ерте (12–14 жас), орта (15–16 жас) және жоғары (17–18 жас) – девианттық мінез-құлықтың қалыптасуы мен көрініс алуының физиологиялық, психологиялық, тұлғалық және жеке қасиеттеріне байланысты өзіндік ерекшеліктері болады.

Балалар мен жастардың өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің ерекшеліктері

Жас жасөспірім кезінде өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері, алдын ала жоспарланбайды. Жазалау қаупі төніп тұрған кезде өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері қолға түскен алғашқы нәрселердің көмегімен жүзеге асырылады. Осы топтағы жасөспірімдерде ө өз-өзіне қол жұмсау әрекетінің ауыр медициналық салдары болмайды. Бұл – өлімге бас тігудің шынайы талпынысы емес, тек жанжалдан қашу, қиын жағдайдан басын алып қашу ниеті.

Орташа жастағы топта өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері қоршаған адамдарды жазалау, өкпелетуішіден кек алу мақсатымен жасалған демонстративті сипатқа ие. Көбіне өз-өзіне қол жұмсау талпыныстары жанжал ушығып тұрған кезде, аффект

жағдайында жасалады. Мұндай әрекеттердің медициналық салдары да ауыр болады. Осы топтағы жасөспірімдерге қызығушылықтарының жұтандығы, ой-өрісінің шектеулігі, өтірік алдау, үміттерінің қирауы, сәтсіздіктерге түсініксіз әрекет етумен ұштасатын ашуланишақтық, қызбалық, эмоционалық тұрақсыздық тән. Мұндай жасөспірімдер стресске тұрақсыз болып, өз-өзіне ие болу машығынан хабардар болады.

Жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсау себептері:

Өз-өзіне қол жұмсаудың жалпы себебі тұлға мен оны қоршаған жақын ортаның өзара әрекеттесуі бұзылу, психикасын жаралайтын өткір жағдайлардың әсері салдарынан әлеуметтік-психологиялық бейімделмеушілік болып табылады. Алайда жасөспірімдер үшін бұл жан-жақты бұзушылықтан бұрын жақындарымен, отбасымен қарым-қатынастың бұзылуы болып табылады.

Өз-өзіне қол жұмсау арқылы тұлға өз жағдайларын өзгертуге талпынады: адам шыдағысыз қайғыдан құтылу, жарақаттайтын жағдайдан қашып кету, аяушылық сезімін туғызту, көмек алу, өз проблемаларына назар аударту. Өз-өзіне қол жұмсау оны ренжіткен адамдардың «өкінуі үшін» кек алу сезімінен туындауы не мақсатына кез келген жолмен жету үшін қырсықтық танытуы мүмкін. Осындай қамығу жағыдайға өз әсерін тигізеді.

Өз-өзіне қол жұмсау әрекеттерінің қауіп факторлары:

- Ата-аналардың ішімдікке салынуы және психикалық жағдайының нашарлығы;
- ата-аналары мен туысқандарының өз-өзіне қол жұмсауы;
- жетімдік;
- толық емес отбасы;
- Дұрыс емес тәрбие — авторитарлық, үлкен кісілерді сөзсіз тындау, тыйым салу, қатыгез қарым-қатынас, жеткіліксіз немесе шамадан тыс қамқорлық;
- Психикалық жарақаттар— мектептегі және басқа;
- Қатарластары арасында беделінің жойылуы;
- Психобелсенді заттарды пайдалану;
- Туа біткен физикалық кемшіліктер және осыған байланысты ауыр қамығу;
- Туа біткен психикалық аурулар (ақыл-ойы кемістігі, эпилепсия, шизофрения және т.б.).

Қаулы:

1. Мектеп психологының баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға
Хатшы

Е.Куспанов
А.Калиев

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі
Директор жанындағы кеңес
№__ отырыс
хаттамадан үзінді

Алға қаласы

_____жыл

Барлығы: 77 педагог

Қатысқандар: 77 педагог

Қатыспағаны: -

Күн тәртібі: Буллинг. Кибербуллинг.

Күн тәртібінің мәселесі бойынша Н.Сырымова сөз сөйледі.

Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Адамұйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол:

- адамды мазақтау, қорлау, соқтығысу
- оның ақшасын не басқа заттарын тартыпалу, оларды бүлдіру
- сол жайында өсек тарату
- оны елемеу немесе жекелету
- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою
- ұрып-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренішті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда:

- уайымдау
- ұйқының бұзылуы
- тәбеттің болмауы
- өзі жайлы жаман ойлау
- өз-өзіне физикалық зақым келтіру
- өлім туралы ойлау
- сабақ үлгерімдерінің нашарлауы
- ауыру
- “маған ешкім көмектесе алмайды” деп ойлау
- өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану
- қорқу

Буллингтің белгілері:

- Күштің теңсіздігі
- Агрессия
- Ұзақ уақыт бойы іс- әрекеттердің қайталанбауы
- Жәбірленушінің әсершілдігі

Буллингтің түрлері:

- Физикалық
- Вербалды
- Қорқыту
- Шеттету
- Бопсалау

- Мүлікті бүлдіру
- Кибербуллинг

Буллинг құрбаны:

- Физикалық кемістік, көзілдірік тағатын, құлағы нашареститін, ДЦП ;
- Мінез-ерекшелігі тұйық, ұялшақ, сезімтал, мазасыз, сенімсіз, өзін-өзі сыйлауы төмен;
- Түр әлпетінің ерекшеліктері: сепкіл, құлағы үлкен т.б.
- Әлеуметтік дағдылардың төмен дамуы-досы жоқ, ешкіммен араласпайтын бала.
- Мектеп қорқынышы- сабақты нашар оқитын т.б.
- Ауыратындар-кекеш, дислалия т.б.
- Жаңадан келген балалар.

Буллингті айыру белгісі:

- Мектепке немесе оқу орнына барғысы келмейді;
- Мектептен немесе оқу орнынан көңіл-күйі түсіп келеді;
- Себепсіз жылау;
- Сыныптастары немесе топтағылар туралы ештеңе айтпайды;
- Сыныптастарының немесе топтағылардың үйіне, туған күн кештеріне бармайды;
- Көпауырады;
- Ақша көп сұрайды
- Көп сөйлемейді.

Қаулы:

1. Мектеп психологының баяндамасы қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға
Хатшы

Е.Куспанов
А.Калиев

В.И.Пацаев атындағы № 2 Алғаорта мектебі КММ

Ата-аналар жиналысы

Уақыты: Қараша айы

Тақырыбы: «Буллинг және кибербуллинг» туралы ата-аналарға кеңес беру, ақпараттандыру.

Қатысқандар: Сынып жетекшілер және ата-аналар, ДТЖІО, медбике.

Күн тәртібінде:

1. «Мектептегі педагог-психологтың қызметі»;
2. «Буллинг және кибербуллинг» тақырында ақпарат;
3. Бейне-ролик «Зорлық-зомбылықтың алдын алу».
4. Суицидтің алдын-алу жұмыстары

Тыңдалды:

1. Мектеп психологы Канатбаева Анаргуль мектептегі психологиялық қызметтің жұмысын таныстырды. «Мектепке психолог не үшін керек?»-деген сұраққа жауап берді. Психолог ешқандай диагноз қоймайды, этиканы сақтай отырып, жеке, топтық оқушылармен дамыту-түзету, кеңес беру, алдын алу жұмыстарын жүргізеді. Балалардың оқуындағы қиындықтарды уақытында анықтап, жеке жасерекшеліктерін ескере отырып қолдау көрсетеді. Сондай-ақ психологиялық қызметтің мақсат-міндеттерін таныстырды.

2. Екінші мәселе қазіргі таңда кең орын алып жатқан «Буллинг және кибербуллинг» тақырыбы өзекті. Мектеп психологы ата-аналарға жаңа терминдердің мағынасына тоқталды. Интернет арқылы оқушылардың бір-бірі қорқытуы, сөз арқылы бопсалауы кибербуллинг болып табылады, мектепте, үйде, көшеде зорлық-зомбылық көрсетсе, кемсітіп, бала тиіскен жағдайда балада буллинг орын алады. Буллингке тап болған баланың белгілері мінезі өзгере бастайды, мектепке барғысы келмейді, тұйықтық, немесе агрессивті мінездер пайда болады т.б белгілер пайда болады. Ата-аналарға ұсынымдар айтылды. Балаларыңызбен үнемі сөйлесіңіз, жақсы көретіндеріңізді айтыңдар. Бос уақытын тиімді өткізуге, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыруды әдетке айналдырыңыздар.

3. «Зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында шағын екі бейне-ролик көрсетілді.

Қорытынды: Балаға үнемі жылы сөзді аямау, баланы тыңдай білу, ата-ана тарапынан балаға уақыт бөлу. Ата-аналарды мектептегі ұстаздармен, психологпен тығыз қарым-қатынас жасауға шақырды.

Педагог-психолог

**Н.Н.Сырымова
А.К.Канатбаева**

В.И.Пацаев атындағы № 2 Алғаорта мектебі КММ

Өткізілген іс-шараның хаттамасы №47

Күні: 19.09.23

Жұмыс түрі: кеңес, ұсыным

Сынып: 5-11

Тақырыбы: «Буллинг және кибербуллинг» туралы оқушыларға кеңес беру, ақпараттандыру.

Кездесу барысында жаңа терминдерге түсініктеме берілді. Кибербуллинг (электрондық кеңістікте қудалау, онлайн қатыгездік) – бұл өзін-өзі қорғай алмайтын құрбанға қарсы бағытталған, электрондық жолмен әрекеттесу жолдарын қолданумен жалғыз немесе бір топ адам жүзеге асыратын ұзақ уақыт бойы жүйелі қуадалаудың, қасақана агрессияға толы әрекеттердің бір түрі. Бұл смс-хабарламалар, әлеуметті желілер, абыройды төгетін веб-парақшалар ашу немесе қорлайтын, тіл тигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалады.

Бүгін күні барлығы, ересектер де, жастар да - Интернет желісін белсенді пайдаланушылар. Интернетте қудалау орын алып жатқанын, әрі өз арамызда орын алып жатқанын жасыру мүмкін емес. Жауап беріп көрейік. Өздеріңнен сұраңдар:

- Мен кибербуллинг құрбанымын ба?

- Қалжыңды келемежден қалай ажыратуға болады? Оқушылар өз ойларын айтты. Интернетте, біреу көңіл көтеріп жатыр ма, әлде жаныңды жаралауға тырысып жатыр ма, деп айту қиын. Кейде олар күлкіге айналдырып, «қалжың ғой» немесе «көңіліңе алма» дейді. Бірақ, егер намыстарыңа тисе және басқалар сендермен бірге емес, сендерге күліп жатқанын сезінсеңдер, онда қалжың шектен шығып кетті. Егер сол адамнан қалжыңдауды доғаруын өтінсеңдер де, доғармаса және жандарыңды жаралауын тоқтатпаса, онда бұл буллинг болуы мүмкін.

Қорытынды: Балалар, сендер есейіп келесіңдер және қазірден бастап-ақ өз мінез-құлықтарыңды қадағалап, басқарып отыруларың тиіс. Кез-келген зорлық-зомбылық түрінің, соның ішінде, буллинг пен кибербуллинг құрбаны болған адамдар әділ сот жүргізілуіне және құқық бұзушыны жауапқа тартуға құқылы. Сендер әрбір әрекеттерің үшін жауаптысыңдар. Ал сендер жасөспірім болғандықтан, сендер үшін ата-аналарың жауапты, ал аталмыш әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылуға болады. Ешқашан ұмытпаңдар, әр істің салдары болады.



Мектеп психологы:

Н.Н.Сырымова,

А.К.Канатбаева

В.И.Пацаев атындағы № 2 Алғаорта мектебі КММ

Өткізілген іс-шараның хаттамасы №48

Күні: 22.11.23

Қатысқаны: 5-7 класс

Жұмыс түрі: алдын алу, кеңес беру, тренинг

Тақырыбы: «Қызықты уақыт»

Мақсаты: Қыз балаға адамгершілік, адалдық, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы, сымбаты туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз баланың бойына рухани – адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, тиянақтылық, имандылық, тазалық қасиеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Ұйымдастыру кезеңінде қыздар шеңбер болып тұрды. Әр қыз қолындағы гүлді келесі қызға жолдап отырып, өзінің есімінен басталатын, бойыдағы жағымды қасиеттерін айтты. Қыздардың бойында аздап өздерін мақтауда қиындық туындағаны байқалды.

Шеңбер бойымен тұрған бойда қыздарға үш түрлі гүлдер таратылды. Қалаған гүлдерін таңдау арқылы үш топқа бөлінді.

Топқа бөлінген соң қыздарға қағаз құмыра мен рамашка гүлдері таратылды. Әр топтың қыздары өздерінің командасндағы қыздардың жақсы қасиеттерін, мінездерін айтады. Аталған қыз бала өз гүліне жазады. Топтың барлық қыздары гүлге жазып болған соң, топпен құмыраға ат қойып, гүлдерін салады.

Тренинг соңында қыздарға «Айна» жаттығуы орындалатылды. Қораптың ішіне айнаны жасырып қойдық. «Мектебіміздің ең сұлу, ең әдемі, ұстаздар оқушылар, ұнататын қыздың суреті, осы қорапта жасырулы тұр»-деп психолог айтып отырды, қыздар жақындап өз бейнелерін көргенде қуанып, кейбіреуі ұялғандай болды. Бұл жаттығудың мақсаты қыздардың өзіндік бағалауын, өзіне сенімділігін қалыптастыру.

Қорытынды: барлық қыздар белсенді қатысты. Тренинг барысында әуен қойылып отырды. Тапсырмаларды көңілді-күймен орындап берді.

Ұсыныс: алдағы уақытта тағы да тренинг болғанын қалайтындарын айтты.

Мектеп психологы:

Н.Н.Сырымова,

А.К.Канатбаева

В.И.Пацаев атындағы № 2 Алғаорта мектебі КММ
Өткізілген іс-шараның хаттамасы №49

Күні: Наурыз айы

Сынып: 7 класс оқушылары

Жұмыс түрі: түзету-дамыту

Тақырыбы: «Біз неге ашуланамыз?»

Мақсаты: Оқушылардың агрессия кезінде сезімдерін қауіпсіз күйде айтуға шығаруға үйрету.



Қорытынды: Оқушыларға әлеуметтік видеоролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологы:

Н.Н.Сырымова,

А.К.Канатбаева

«В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебі» КММ
Өткізілген жұмыс бойынша мәлімет

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің «Сенім жәшігі» мен «Сенім телефоны» бойынша мәлімет әлеуметтік желіде жарияланды.



Әлеуметтік парақшадағы мәліметтің сілтемесі:

<https://www.instagram.com/p/CuEpDPto6rt/?igshid=eGd1dndqejh4ajh1>

Мектеп психологтары:

Сырымова Н.Н.

Канатбаева А.А.